

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі **білім беру ұйымдарында** (бұдан әрі – ТЖКБ) оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар 2020-2021 оқу жылында білім беру процесін тиімді ұйымдастыру және ТЖКБ ұйымдарының академиялық саясатын іске асыру мақсатында білім беру ұйымдарына көмек ретінде әзірленді. Әдістемелік ұсынымдарды меншік нысанына қарамастан барлық ТЖКБ ұйымдары пайдаланады.

2. ТЖКБ ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру нысандары санитариялық - эпидемиологиялық жағдай жағдайларына байланысты айқындалады:

1) күшейтілген карантиндік режим кезінде - қашықтық форматта (қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалана отырып);

2) сырқаттанушылықтың тұрақты қысқаруы кезінде санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, аралас форматта жүзеге асырылады;

3) санитарлық-эпидемиологиялық жағдай одан әрі тұрақты жақсарған кезде - санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, штаттық режимде;

4) санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, толық штаттық режимде.

3. Ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда орналасқан колледждердің (жергілікті атқарушы органдардың айқындауы және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті жанындағы колледждердің және «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (топта 15 білім алушыға дейін) санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, штаттық режимде жұмыс істеуіне жол беріледі.

4. Жаңа оқу жылы COVID-19 белсенділігі жағдайында келесі бағыттар бойынша ұйымдастырушылық шараларды жүзеге асыруды қажет етеді:

1) оқу корпустары мен жатақханаларда санитарлық-эпидемиологиялық режимді (бұдан әрі – СЭР) қамтамасыз ету;

2) барлық қызметкерлер мен білім алушыларды СЭР қамтамасыз ету регламентімен таныстыру;

3) карантиндік жағдайларды ескере отырып, білім беру қызметін ұйымдастыру;

4) АКТ пайдалану арқылы жұмыс істеу дағдыларын меңгеру үшін педагогтардың біліктілігін арттыру;

5) әртүрлі білім беру платформаларында жеке білім беру контентін (онлайн курстар) әзірлеу;

6) сапаны қамтамасыз ету саясаты контекстінде оқыту сапасының мониторингі;

7) аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу кезінде тұлғаны сәйкестендіру жүйесімен қамтамасыз ету.

Осы ұсынымдардың мақсаты – карантин жағдайында қашықтықтан немесе аралас оқыту форматында білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету.

5. Осы ұсыныстар келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) қашықтықтан оқыту форматында білім беру процесін ұйымдастыру және оның сапасын қамтамасыз ету;

2) оқу корпустарында, жатақханаларда және ТЖКБ ұйымдарының аумағында санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету;

3) технологияларды/оқыту әдістерін қолдану бойынша ұсыныстар беру;

4) кәсіптік практиканың барлық түрлерін және теориялық оқытуды ықпалдастыру;

5) интернет платформаларында өз курстарын әзірлеу;

6) аралық және қорытынды аттестаттауды қашықтық форматта өткізу кезінде тұлғаны сәйкестендіру жүйесімен қамтамасыз ету.

2-Тарау. Оқу процесін қашықтықтан ұйымдастыру тәртібі

6. Барлық мамандықтар бойынша барлық теориялық сабақтар қашықтықтан өткізіледі. Зертханалық және практикалық сабақтар, өндірістік оқыту және кәсіптік практика - штаттық форматта, бұл ретте бұл сабақтар неғұрлым кеш мерзімдерге ауыстырылады. Қажет болған жағдайда, өндірістік оқыту және кәсіптік практика, зертханалық жұмыстар және аралық курстардың практикалық сабақтары оқу кезеңінің басқа мерзімдеріне ауыстырылады.

7. Білім алушыларға кәсіби құзыреттерді игеруге мүмкіндік беретін виртуалды зертханаларды, симуляторларды, тренажерлерді пайдалануға жол беріледі. Бұл жағдайда өндірістік оқыту, кәсіптік практика, зертханалық жұмыстар және практикалық сабақтар қашықтықтан өткізіледі.

8. Негізінен оқу процесі ҚБТ-ны пайдалана отырып, қашықтықтан ұйымдастырылатын болады. Колледждерде педагогикалық, экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық және ақпараттық технологиялар саласындағы мамандықтар бойынша 100% қашықтықтан оқыту жүргізіледі.

Техникалық, технологиялық, аграрлық бағыттар бойынша, медицина және өнер мамандықтары бойынша теориялық сабақтар қашықтықтан өткізіледі. Штаттық форматтағы жұмысты талап ететін сабақтар неғұрлым кеш мерзімге ауыстырылады.

9. ҚБТ-ны пайдалана отырып оқу процесі белгіленген оқу жүктемесіне, жұмыс оқу жоспарларына, оқу бағдарламаларына, оқу процесінің кестесіне және сабақ кестесіне сәйкес ұйымдастырылады. Қажет болған жағдайда, оқу процесінің кестесіне, оқу бағдарламаларының мазмұнына оқытудың икемді ұйымдастыру нысанын құру қажеттілігінен туындаған түзетулер енгізіледі.

10. ТЖКБ ұйымдарында ҚБТ-ны пайдалана отырып оқу процесін ұйымдастыру үшін:

1) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және ұйымдастыру-әкімшілік ақпаратты қамтитын беттері бар білім беру Интернет-платформа және/немесе ақпараттық жүйе;

2) Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналары;

3) цифрлық білім беру ресурстары;

4) оқытуды, оқу контентін немесе сервисті басқарудың желілік жүйелері;

5) тестілеу кешендері;

6) даярлықтан өткен педагогтер болуы қажет.

11. ҚБТ-ны пайдалана отырып, білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде білім беру ұйымы дербес:

1) ақпараттық-білім беру ортасының жұмыс істеуі үшін жағдай жасайды;

2) білім алушыларға оқу-әдістемелік, оның ішінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтықтан көрсетілетін жеке консультациялар нысанында көмек көрсету тәртібін айқындайды;

3) педагогтың білім алушымен тікелей өзара іс-қимылы арқылы өткізілетін сабақтар көлемінің және ҚБТ-ны қолдана отырып өткізілетін сабақтар көлемінің арақатынасын айқындайды;

4) білім беру процесінің барлық қатысушыларының барлық оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар, тестілеу жүйесі бар ақпараттық жүйеге, әртүрлі электрондық ресурстар мен көздерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

5) білім беру процесіне қатысушылардың іс-әрекеттеріне байланысты емес жағдайлар туындаған кезде басқару шешімдерін қабылдайды.

12. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (ТЖКБМЖМБС) талаптарына сәйкес білім сапасын қамтамасыз ететін оқытудың кез келген технологияларын қолдануға құқығы бар.

Қолайлы қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін ТЖКБ ұйымы оқу орны іске асыратын оқу бағдарламаларының функционалы мен контенті бойынша неғұрлым ыңғайлы интернет-платформаны таңдауды дербес жүзеге асырады.

13. ТЖКБ ұйымы білім беру процесіне қатысушыларды оқыту технологияларымен және жүйесімен таныстырады.

14. Консультациялар жеке және топтық сабақтар түрінде жүзеге асырылады. Педагог пен білім алушының өзара әрекеті әртүрлі байланыс түрлерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

15. Теориялық сабақтар әр түрлі байланыс түрлерінің көмегімен, соның ішінде бейне ағындарды қолдана отырып қашықтықтан өткізіледі.

ҚБТ-ны қолдана отырып оқыту онлайн немесе офлайн режиміндегі қашықтықтан оқыту сабақтарының және білім алушылардың өзіндік жұмыстарының үйлесіміне негізделеді. Білім алушылар үшін онлайн-сабақтың үздіксіз ұзақтығы 35 минуттан аспайды.

16. Кәсіптік практикадан, өндірістік оқытудан өту оқу семестрінің неғұрлым кеш мерзімдеріне ауыстырылады.

17. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту кезінде қашықтықтан білім беру технологиялары ақпаратты қабылдау-беру мүмкіндігін көздеуі тиіс.

18. Сабақ кестесі көлемі, мазмұны бойынша оқу жоспарына сәйкес болуы, білім алушылардың оқу кезеңі ішінде оқу сабақтарының барлық түрлерімен біркелкі жүктелуін қамтамасыз етуі тиіс *(оқу кезеңінің соңына дейін тиісті оқу пәні/модулі бойынша және апта сайынғы оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптарды ескере отырып барлық оқу сабақтары өткізілуі тиіс)*.

19. Педагогтарға оқытушылық қызметке баруға, сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізуге тыйым салынады. Барлық іс-шаралар, жедел кеңестер қашықтықтан өткізіледі.

20. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде адамдар көп жиналатын іс-шаралардың барлық түрлерін, оның ішінде мәдени, тәрбиелік, бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізуге тыйым салынады.

21. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету *1-қосымшада* келтірілген оқу-әдістемелік кешендерді қалыптастыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

22. Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып сабақтарды ұйымдастыру *2-қосымшада* келтірілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

23. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу *3-қосымшада* келтірілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

24. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесі *4-қосымшада* келтірілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылады.

25. ТЖКБ ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне қатысушылар қызметін 5-қосымшада келтірілген функцияларға сәйкес жүзеге асырады.

26. ТЖКБ ұйымдарының жатақханаларында шалғайдағы елді мекендерде тұратын және қашықтықтан оқыту мүмкіндігі жоқ (әлсіз интернет, дербес компьютердің болмауы және басқа) студенттер үшін жағдайлар жасалады.

27. Студенттердің жатақханада тұруы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, 6-қосымшада келтірілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

28. Санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, *итаттық режимде* ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда орналасқан колледждердің, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің жанындағы колледждердің және «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (топта 15 білім алушыға дейін) жұмыс істеуіне жол беріледі. Бұл ретте:

1) бір мезгілдік байланысты және студенттердің шоғырлануын болдырмау үшін басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, сабақ кестесін құру;

2) физикалық байланыстарды қысқарту үшін сабақтың ұзақтығын қысқарту арқылы ауысымды ұлғайту;

3) барлық санитариялық нормаларды сақтай отырып, топтарда немесе кіші топтарда (*күн шегінде немесе апта күндері бойынша*) оқыту;

4) кабинеттік жүйені алып тастау;

5) әр түрлі топтар үшін әр түрлі уақытта сабақтар арасындағы үзілістерді ұйымдастыру;

6) кабинеттерді және барлық үй-жайларды желдету, кварцтау;

7) қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану;

8) маскаларды кию режимін қамтамасыз ету;

9) әрбір екінші сабақтан кейін кабинеттерді ылғалды жинау;

10) дәліздердегі, рекреациялардағы, холлдардағы және басқа да үй-жайлардағы ауысымдар арасындағы ылғалды жинау;

11) күн сайын температураны өлшеу, ауру белгілерін анықтау, ауырғандар анықталған жағдайда, оқшаулау, карантин жариялау және барлық топты қашықтықтан оқытуға көшу, топтардың білім алушыларының жағдайын бақылау, кейіннен топты штаттық режимге қайтару үшін медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі, медициналық мекемемен (емхана, стационар) кезектен тыс қызмет көрсетуге және қажет болған жағдайда көмек көрсетуге шарттың болуы қажет.

29. ТЖКБ ұйымдарының білім алушыларына мемлекеттік стипендия «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына сәйкес ай сайын төленеді.

30. Асхана (буфеттер) жұмысы тоқтатылады. Тамақтанудың орнына өтемақы «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес төленеді.

31. ТЖКБ ұйымдарының педагогтері мен өзге де қызметкерлерінің жұмыс тәртібі және ақы төлеу шарттары еңбек заңнамасына сәйкес еңбек, ұжымдық шарттарда айқындалады.

ТЖКБ ұйымдарының педагогтері мен өзге де қызметкерлері кәсіптік қызметін тікелей білім беру ұйымдарында және (немесе) қашықтықтан оқыту форматында еркін нысандағы өтініш бойынша жүзеге асырады.

Бұл ретте жұмыс беруші еңбек заңнамасына сәйкес тиісті актіні қабылдай отырып, келесі қызметкерлер тобын:

білім беру ұйымдарының тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлерді (*әкімшілік-қосалқы, техникалық персонал*);

қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде білім беру процесін және сабақтарға қатысу мониторингін қамтамасыз ету бойынша еңбек функцияларын жүзеге асыратын қызметкерлерді (*оның ішінде оқу-тәрбие процесін тікелей жүзеге асыратын барлық пәндер педагогтері, кеңес беру және басқа да психологиялық көмек көрсететін психологтар, әлеуметтік педагогтер, онлайн-кітапханалар жұмысын және қашықтан басқа да жұмыстарды жүзеге асыратын кітапханашылар, жеке онлайн-консультацияларды жүзеге асыратын дефектологтар, сурдоаудармашылар, зертханалық және практикалық жұмыстарды қашықтықтан тексеруді жүзеге асыратын зертханашылар және басқалар*) дербес анықтауға құқылы.

3 - Тарау. Санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, оқу процесін аралас форматта ұйымдастыру

32. Сырқаттанушылық деңгейі тұрақты қысқарған жағдайда, колледждің біртіндеп аралас форматқа көшуі жүзеге асырылады.

33. Оқу сабақтары қашықтықтан және штаттық режимде ұйымдастырылады. Штаттық режимде оқыту барлық санитариялық нормаларды сақтай отырып (*күн шегінде немесе аптаның күндері бойынша*) топтарда (немесе кіші топтарда) жүзеге асырылады.

34. Бірінші болып бітіруші топ студенттері дәстүрлі режимге көшеді. Аралық курс білім алушылары қашықтықтан оқытуды жалғастырады.

35. Өндірістік оқыту және кәсіптік практика, зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар дистанцияны сақтай отырып, толық немесе ішінара шағын топтарда кәсіпорындар базасында немесе ТЖКБ ұйымдарында (мамандықтардың ерекшелігіне байланысты) жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда, өндірістік оқыту және кәсіптік практика, зертханалық жұмыстар және практикалық сабақтары басқа мерзімдерге ауыстырылады.

36. Аралас форматта оқытуды ұйымдастыру кезінде:

- 1) екі кестені жасау: басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, аудиториялық сабақтар бойынша жеке кесте құру;
- 2) оқытудың қатаң бекітілген кабинетте өтуін ұйымдастыра отырып, әрбір топқа оқу кабинеттерін бекіту;
- 3) аудиторияларда кемінде екі метр қашықтықты сақтауды ескере отырып сабақтар өткізу, санитарлық және эпидемиологиялық режимді күшейте отырып, кабинеттік жүйені жою арқылы өткізу;
- 4) әр топ үшін жеке сабақтар арасындағы үзілістерді ұйымдастыру;
- 5) кітапханалардағы оқу залдарының жабылуы;
- 6) санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау туралы студенттерге, педагогтарға, өндірістік оқыту шеберлеріне, басқа қызметкерлерге, ата-аналарға (заңды өкілдерге) нұсқаулық жүргізу. Күн сайын температураны өлшеу, ауру симптомдарын анықтау, оқшаулау, аурулар анықталған, карантин жарияланған және барлық оқу тобын қашықтықтан оқытуға көшу, білім алушылардың денсаулық жағдайын бақылау, оқу тобын штаттық режимге қайтару үшін медициналық кабинеттер мен изоляторлардың жұмыс істеуі;
- 7) медицина қызметкерінің күн сайын келіп-кетуін мониторингілеу және студенттер мен басқа қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылау қажет.

Аудиториялық сабақтарды өткізуге, олардың келісімімен, 65 жастан асқан адамдар және ауруы бойынша диспансерлік есепте тұрған адамдар жіберілмейді.

37. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету 1-қосымшада келтірілген оқу-әдістемелік кешендерді қалыптастыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

38. Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып сабақтарды ұйымдастыру 2-қосымшада келтірілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

39. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу 3-қосымшада келтірілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

40. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесі 4-қосымшада келтірілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылады.

41. ТЖКБ ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне қатысушылар қызметін 5-қосымшада келтірілген функцияларға сәйкес жүзеге асырады.

42. Студенттердің, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, жатақханада тұруы 6 - қосымшада келтірілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

43. Асханалардың (буфеттердің) жұмысы тоқтатылады. Жатақханаларда тұратын студенттердің тамақтануын ұйымдастыру үшін асханалардың (буфеттердің) жұмысы тек тамақты өзімен алып кету жағдайында рұқсат етіледі. Бұл ретте қоғамдық тамақтандыру объектісі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасының Бас

мемлекеттік санитарлық дәрігерінің және аумақтардың қаулыларына сәйкес барлық талаптарды сақтайды.

44. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде іс-шаралардың барлық түрлерін, оның ішінде мәдени, тәрбиелік, бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу санитариялық талаптарды қатаң сақтай отырып, шағын топтарда және (немесе) қашықтықтан жүргізіледі.

4- Тарау. Санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, оқу процесін штаттық режимде ұйымдастыру

45. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай одан әрі тұрақты жақсарған жағдайда, бірінші және аралық курстардың білім алушылары санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, штаттық режимге көшеді.

Колледж жұмысын біртіндеп қалпына келтіру жүзеге асырылады.

Оқытудың штаттық режимін ұйымдастыру кезінде тәуекел тобына жататын, мынадай айғақтары:

- 1) 65 жастан асқан;
- 2) қатарлас ҚЖА бар (артериялық гипертония, СЖЖ және басқалар);
- 3) жоғарғы тыныс алу жүйесінің қатарлас созылмалы аурулары (ӨСОА, БА, өкпедегі фиброзды өзгерістер);
- 4) эндокринопатиялар (қант диабеті, метаболикалық синдром, семіздік және басқалар);
- 5) иммун тапшылығы жағдайлары (онкологиялық, гематологиялық, иммуносупрессивті терапиядағы науқастар және т. б.);
- 6) жүкті әйелдер;
- 7) басқа да ауыр созылмалы аурулары бар педагогтердің жұмысы шектеледі.

Аталған айғақтары бар оқытушыларды қашықтықтан жұмыс істеуге көшіру ұсынылады.

5- Тарау. Санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, толық штаттық режимде оқу процесін ұйымдастыру

46. Қолайлы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай кезінде ТжКБ ұйымы толық штаттық режимде жұмыс істей бастайды.

47. Сабақ кестесі, ауысым тәртібі, өзгерістер қалпына келтіріледі. Студенттік жатақханалардың жұмысы жандандырылады.

48. Асханада тамақтану белгіленген тәртіппен ұйымдастырылады.

Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға

Оқу-әдістемелік кешендер мен цифрлық білім беру ресурстарын қалыптастыру тәртібі

Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес пәндер (модульдер) бойынша оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) мен цифрлық білім беру ресурстары болуы қажет.

ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне байланысты желілік және кейстік нұсқаларда да қолданылады.

ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары жұмыс оқу жоспары мен бағдарламасын, электрондық оқулықты, тест материалдарын, материалды меңгеру сапасын бақылауға арналған материалдарды, пәнді (модульді) оқып-үйрену бойынша білім алушыға арналған әдістемелік ұсынымдарды, үлгерімді ағымдағы бақылауды ұйымдастыруды, білім алушыға өзіндік жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдарды (жұмыстың көлемі мен дәйектілігі егжей-тегжейлі сипатталады), оқу (дидактикалық) құралдарын және басқаларды қамтиды. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда, оқу-әдістемелік кешен анықтамалық материалдармен, әдебиеттермен, электрондық ресурстарға сілтемелермен толықтырылуы мүмкін.

ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары мазмұнына қойылатын талаптар:

1) ақпараттың өзектілігі мен толықтығы, оны ұсынудың ықшамдылығы. ОӘК материалдары мүмкіндігінше ақпараттық және түсінікті болуы керек, үнемі толықтырылуы мүмкін;

2) кешенділік сипатта болуы: ОӘК және цифрлық білім беру ресурстары студенттің оқу қызметінің түрлері мен нысандарына әдістемелік қамтамасыз етуді қамтуы тиіс;

3) оқу материалы құрылымының нақтылығы: ақпарат тұтас және аяқталған толық мағыналы болуы тиіс;

4) оқу материалының көрнекілігі мен түсініктілігі: кестелерді, схемаларды, суреттерді, диаграммаларды, мультимедиалық объектілерді (оқыту роликтері, бейне, дыбыс, анимация және басқалар), сондай-ақ түрлі көмекші материалдарды (глоссарий, әдебиеттер тізімі, тесттер, анықтамалықтар, әдістемелік нұсқаулар) пайдаланған жөн.

Материалдарға электрондық мәтіндік форматта жасалатын ілеспе жазба қоса беріледі. Ілеспе жазбада автор курс бойынша кез-келген түсініктеме және оны рәсімдеуге ұсыныстар жаза алады.

Мәтін мәтіндік редакторда келесі форматта жасалады: Times New Roman шрифті, өлшемі 12.

Егер мәтін сканерленген болса, онда ол дұрыс тану үшін мұқият тексерілуі керек. Орфография мен тыныс белгілері тексеріледі.

Мәтіннің бөліктері мағынасы бойынша нақты (курсивпен, қалың) белгіленуі керек. Құжаттың мәтінін толықтыратын материалды қосымшаларда орналастыруға жол беріледі. Қосымшалар құжаттың жалғасы ретінде оның келесі парақтарында рәсімделеді немесе дербес құжат түрінде шығарылады. Мазмұнның барлық фрагменттерінің атаулары мазмұн кестесіндегі бөлімдердің тақырыптарына нақты сәйкес келуі керек.

Иллюстрациялар саны ұсынылған мәтінді түсіндіру үшін жеткілікті болуы керек. Суреттер мәтін бойынша орналасуы немесе қосымшада берілуі мүмкін.

ОӘК, сандық білім беру ресурстары, мазмұнында өзге авторлардың, оның ішінде Интернет-ресурстар арқылы алынған жұмыстарды пайдаланған кезде материалдарды (иллюстрациялар, сызбалар, аудио - және бейнефайлдар және басқалар) алу көздерін көрсету қажет.

Оқу-әдістемелік материалдар «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ресми сайтында шоғырланған. Сайтта ТжКБ мамандықтары бойынша ҚБТ қолдану бойынша бейне оқулықтардың, электрондық оқулықтардың және қосымша материалдардың бірыңғай каталогы орналастырылған.

*Коронавирустық инфекцияның таралуына
жол бермеуге байланысты
шектеу шаралары кезеңінде
техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру
бойынша әдістемелік ұсынымдарға
2- қосымша*

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып сабақтарды ұйымдастыру тәртібі

ҚБТ қолданатын сабақтар келесі схема бойынша өткізіледі: *онлайн-сабақ өткізу + тақырып бойынша оқу-әдістемелік материалдармен өз бетінше жұмыс істеу және білім алушылардың үлгеріміне офлайн режимде ағымдағы бақылау жүргізу.*

Онлайн-сабақ өткізу

Онлайн сабақтарды өткізу кезінде оқытушы оқытудың түрлі құралдарын қолдана алады: презентациялар, видеосабақтар, интерактивті плакаттар, веб-сайттар және басқалар.

Онлайн-сабақтар бекітілген сабақ кестесі бойынша онлайн ресурстың көмегімен өткізіледі (мысалы, ZOOM, Скайп және басқалар).

Онлайн-сабақты өткізу тәртібі:

1 қадам. Онлайн сабақ жоспарын құру.

2 қадам. Онлайн сабақтарды техникалық ұйымдастыру.

3 қадам. Бейнематериалды дайындау.

Бейнематериалда келесі құрылымдық компоненттер болуы керек:

1) кіріспе бөлім - сәлемдесу, тақырыпты хабарлау, сабақтың мақсаты мен міндеттері; пән/ модуль ішінде оқытылатын тақырыптың орнын анықтау, сабақ схемасының қысқаша сипаттамасы, білім алушыларға бейнематериалды қарау бойынша ұсыныстар;

2) мазмұндық бөлік - қажетті оқу материалын пайдалана отырып және оқыту әдістерін, құралдары мен технологияларын таңдай отырып, сабақ жоспарына сәйкес оқу материалы дәйекті және жүйелі түрде баяндалады;

3) қорытынды бөлім - білім алушыларға бейне сабақты көргеннен кейінгі қорытындылар, ұсынымдар, тақырыпты қосымша зерделеу үшін ұсынылатын әдебиет және Интернет көздері, қорытындылау.

Бейнематериалдың ұзақтығы он минуттан аспауы тиіс.

Бейнематериал суреттерді, бейнефрагменттерді және басқаларды көрсетумен сүйемелденеді.

4 қадам. Онлайн сабақ өткізу.

Онлайн сабақтың негізгі мазмұны: кіріспе (*сәлемдесу, желі сапасын және қосылған студенттерді тексеру, сабақты өткізу ережелерін жариялау*); оқу материалын таныстыру; сұрақ-жауап.

Оқытушының сыртқы келбеті ресми, ұстамдылық, дәлдікпен ерекшеленетін және жалпы қабылданған әдептілік нормаларына қайшы келмейтін іскерлік стильге сәйкес келуі керек.



Оқытушының сөзі сауатты, түсінікті және білім алушылар үшін қолжетімді болуы тиіс; айтылуы түсінікті және анық болуы тиіс. Мұғалім студенттермен тікелей қарым-қатынас жасау әсерін тудыра отырып, материалды сенімді, еркін және жеткілікті эмоционалды түрде баяндауы тиіс.

5 қадам. Зерделенген материалды бекіту.

Барлық материалдар интернет платформасында орналастырылады және әр тақырыпқа тіркеледі, кез-келген уақытта жүктеуге және көруге болады.

ҚБТ-ны пайдалана отырып игеру мүмкін емес сабақтарды ҚБТ-ны пайдалана отырып игеруге болатын оқу материалы бөлігінің орнына келесі академиялық кезеңге (бітіруші топтарды қоспағанда) ауыстыруға болады.

Кесте. Пән/модуль бойынша қашықтықтан оқыту курсының мазмұнын анықтау мысалы

Мамандық: «Музыка теориясы». Біліктілігі: ...					
	Бағдарлама бойынша не өтті:	Оқу бағдарламасынан не қалды:	Қалған бағдарламадан ҚОТ арқылы не игеруге болады:	Нені ҚБТ бойынша игеру мүмкін емес және ауыстыру қажет:	Осы жылы ҚБТ бойынша келесі курс бағдарламасынан нені игеруге болады:
	<i>пәндер/модульдер, тақырыптар (оның ішінде ӨО және КП). Жалпы сағат саны</i>	<i>пәндер/модульдер, тақырыптар (оның ішінде ӨО және КП). Жалпы сағат саны</i>	<i>пәндер/модульдер, тақырыптар (оның ішінде ӨО және КП). Жалпы сағат саны</i>	<i>пәндер/модульдер, тақырыптар (оның ішінде ӨО және КП). Жалпы сағат саны</i>	<i>пәндер/модульдер, тақырыптар Жалпы сағат саны</i>
1 курс	... КМ 01 Сольфеджио 104 сағат	Сольфеджио Лады первой гептатоники Гемольные лады с одной увеличенной секундой, с двумя. Лады второй гептатоники. 44 сағ	-	Сольфеджио Лады первой гептатоники Гемольные лады с одной увеличенной секундой, с двумя. Лады второй гептатоники. 44 сағ	
2 курс		2 семестрдің 3 курс бағдарламасынан әлемдік музыка әдебиеті. Өмірбаян: Шуман, Шопен, Берлиоз, Лист. Шығармалар: «Карнавал», «Любовь поэта», «Фортепианное творчество Шопена», «Фантастическая симфония», «Годы странствий», «Прелюды». 44 сағ
3 курс					
4 курс					

Корона Курс мазмұны уына
 жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі

ТЖКБ ұйымдары білім алушыларының үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына 2-қосымшаға «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидалары», «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № ҚР ДСМ-46 бұйрығымен бекітілген медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдары білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және аралық аттестаттауды өткізу нысандарын, тәртібін және кезеңділігін таңдауда дербес болады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау оқу жұмысының әртүрлі нұсқасында (тесттер, практикалық тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар және басқалар) ұсынылуы мүмкін.

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу:

- 1) білім алушы мен оқытушының телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, онлайн режимінде тікелей қарым-қатынасы;
- 2) автоматтандырылған тестілеу жүйелері;
- 3) жеке тапсырмаларды тексеру (білім алушылардың электрондық поштасына тапсырмалар беру, мессенджерлер) арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу нысанын оқытушы оқу материалының мақсатын, мазмұнын ескере отырып айқындайды.

ҚБТ-ны пайдалана отырып, аралық аттестаттауды өткізу кезінде мынадай нысандар:
